

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

МҒТАР 14.01.45

Н.А. Әбтай

Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылық идеясының қолданылуын анықтау. Мақалада толеранттылық ұғымына түсінік беріліп, толеранттылық идеясын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды. Татулықты, төзімділікті, ынтымақтастықты, кішіпейілділікті білдіретін толеранттылық идеясы «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында қолдану аясы жан-жақты қарастырылды. Зерттеу әдісі ретінде құжаттарды талдау әдісі жүргізілді. Мәліметтер мен ақпараттарды жинау құралы ретінде бастауыш сыныптың оқулықтары мен теориялық зерттеулер негізінде алынды. «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылықты жалпы қарастырып, оқулықта берілген тақырыптардың тәрбиелеу идеясы қандай? деген сұрақ төңірегінде зерттеу жасалынды.

Зерттеу нәтижесінде «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында толеранттылық тәрбие беру мақсатында жазылған мәтіндер, ертегілер, әңгімелер т.б. тақырыптары анықталды. Оқулық бойынша толеранттылыққа бастайтын тапсырма түрлері көрсетілді. Осының негізінде толерантты тұлға болып қалыптасуында «Әдебиеттік оқу» оқулығының маңыздылығы дәлелденді.

Кілт сөздер: татулық, ынтымақтастық, оқулық, толеранттылық, төзімділік.

КІРІСПЕ

Қандай да бір ортада әрбір бала өз құрдастарымен дұрыс қарым-қатынасқа түсе алуы өте маңызды. Бұл баланың сол ортадағы психологиялық жайлылығымен қоса, оның бойындағы интеллектуалдық қасиеттерімен физикалық жетістіктеріне де байланысты. Құрдастарымен тиімді әрі бейбіт қарым-қатынас орнату тұлғааралық толеранттылық болып табылады.

Бұл туралы «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз осы құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына аялай ұсынуымыз керек» деп көрсетеді [1]. Жолдауда айтып өткендей бірлік, татулықты біз бастауыш сынып оқушыларының бойына сіңіріп, ынтымақтастықта білім алуына, толерантты тұлға болуына жағдай жасауымыз қажет. Бұл қазіргі мектептердің алдына қойылған негізгі міндет. Бала мектепке келген сәттен бастап ол өзінің құрбы-құрдастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынасқа түседі, мектепке әрі қарай бейімделіп кетуі де осыған тікелей байланысты. Коммуникация кезінде дұрыс қарым-қатынас болмаса ол баланың бойына стресс, оқуға деген қызығушылығын басып, “мені барлығы ренжітеді”, “мен мектепке барғым келмейді”, “мұғалімді тыңдағым келмейді” деген сынды қарсылықтарын көрсетеді. Бұл өз кезегінде тәрбие мен қатар оқуына да

жағымсыз әсерін тигізеді. Толеранттылыққа тәрбиелеу кезек күттірмейтін міндет ретінде қарастырылуы керек, сондықтан да мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін жүйелі және ұтымды толеранттылыққа үйрету әдістерін насихаттау қажет, төзімсіздіктің мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни көздері – зорлық-зомбылықтың негізгі тамыры және оны алып тастау қажет. Білім беру саясаты мен бағдарламаларының дамуына үлес қосу керек жеке адамдар арасындағы, сондай-ақ этникалық, әлеуметтік, мәдени, діни және тілдік топтар мен ұлттарды қамтиды.

Зерттеу мақсаты: Бастауыш сыныптағы «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы толеранттылыққа тәрбиелеу идеясын талдау.

Ғылыми маңыздылығы: Бастауыш сынып оқушыларын «Әдебиеттік оқу» оқулығы бойынша толеранттылыққа тәрбиелеу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Толеранттық (лат. *tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші [2]. Толеранттылықтың мәні қазақ тілінде мағынасы кең. Ол төзімділікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті, құрметтеу мен ізгілікті білдіреді.

1995 жылы 16 қарашада «Declaration of Principles on Tolerance» атты құжатқа ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер қол қойған болатын. Бұл құжатта толеранттылықты мемлекеттік деңгейде, қоғамдық негізде, білім беру жүйесінде нақты көрсеткен:

Толеранттылық – бұл біздің дүниеміздің алуан түрлілігін құрметтеу, қабылдау және бағалау мәдениеттер, біздің білдіру формаларымыз және адам болу тәсілдері. Оған білім, ашықтық, қарым-қатынас, ой, ар-ождан және сенім бостандығы жатады. Толеранттылық – бұл айырмашылықтағы үйлесімділік. Бұл тек қана адамгершілік парыз емес, саяси-құқықтық талап. Толеранттылық, қасиет бейбітшілікті мүмкін етеді, соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен алмастыруға ықпал етеді.

Толеранттылық – бұл жеңілдік, реніш немесе реніш емес. Толеранттылық, ең алдымен, белсенді адамның жалпыға бірдей құқықтары мен басқа адамдардың негізгі бостандықтарын танумен байланысты көзқарас. Ешбір жағдайда оны осы негізгі құндылықтарды бұзуды ақтау үшін пайдалануға болмайды. Толеранттылық – бұл жеке адамдар, топтар және мемлекеттер жүзеге асыруы тиіс.

Толеранттылыққа тәрбиелеу қорқыныш пен шеттетуге әкелетін әсерлерге қарсы тұруға бағытталған және жастардың тәуелсіз, сыни тұрғыдан пайымдау қабілетін дамытуға көмектесуі керек [3].

Оракбаева М. К. «Толеранттылық терминінің шығу тарихы» атты зерттеуінде толеранттылықты сонау ерте кезден ғұлама ойшылдардың пікірлерінен бастау алғандығын, ол туралы ең алғашқы ойлар антикалық заманда басқа діндер мен сенімдерді түсіну, қабылдау ретінде пайда болды делінеді. Орта ғасыр философтары үшін негізгі мәселе сенім шыдамдылығы мен көнбістік болды деген ойға келген [4].

Altınay F., Dagli G., Altınay Z. «Role of technology and management in tolerance and reconciliation education» атты зерттеулерінде толеранттылық идеясының қолданылуын анықтады: «Қазіргі қоғамдардағы толеранттылық идеясы қоғамның жеке тұлғаларына отбасы, мектеп, сондай-ақ қоғамның және әлеуметтік құрылымның элементтері арқылы беріледі. Толеранттылық идеясының үш деңгейде де жеке тұлғаларға берілу жолы – коммуникация. Қарым-қатынас процестері отбасында, мектеп жүйесінде және әлеуметтік құрылымда әртүрлі формаларға еніп, жеке тұлғаның толеранттылық туралы түсінігін дамытады. Бұл зерттеу білім беру үдерісіндегі жол ретінде отбасы, мектеп және қоғам деңгейінде қарым-қатынастың қалай жұмыс істейтініне және демократиялық қауымдастықты

дамыту үшін коммуникация процесін қалай тиімді пайдалануға болатынына назар аударады» [5].

Saulius T. What is “tolerance” and “tolerance education”? атты зерттеуінде толеранттылықты әр-түрлі контексте талдап көрсетеді:

1. Діни контексте толеранттылық – нанымдар мен әдет-ғұрыптарға құрметпен қарау басқалардың – догматизммен де, скептицизммен де негізделуі мүмкін көзқарас.

2. Саяси контексте, басты назар басқалардың не сенетініне немесе не ойлайтынына емес, адамдардың не істейтініне аударылады.

3. Бір ортақ қасиеті бар дінаралық дискурста және саясатта қалыптасатын толеранттылық концепциялары: бұл өте оңай деп саналады. «Басқалар» жасайтын әрекеттердің мотивтерін түсіну; мұндай түсіну («эмпатия») басты шарт болып табылады.

4. Этика және білім беру саласында толеранттылық – бұл біздің (немесе объективті бағалау) олардың балама мүмкіндіктерін ескере отырып сенімімізді сақтауды өлшеу. Бұл тұрғыда толеранттылық адамның парасатты болмысын жүзеге асыру болып табылады [6].

М.С. Каракулова, М.Ж. Сұлтанбек, А.С. Тазабекова «Бастауыш мектепте оқушылардың толерантты қарым-қатынасын дамытудың әдіснамалық тұғырлары» атты мақалада «толерантты қарым-қатынас» ғылыми тіркесіне түсінік берді: «Толерантты қарым-қатынас барысында оқушылар арасында өзара тану, өзара әсер етуге мүмкіндік беретін шығармашылық үдеріс дамиды. Бастауыш сынып мұғалімі оқушының жеке басын түсінуге, оның танымдық қабілеттерін белсендендіруге, шындықты эмоционалды және құндылықты қабылдауын дамытуға, ал бастауыш сынып оқушысы өзінің жеке басын тануға тырысады және жеке тұлға ретінде өзіне рефлексивті кеңістік аясында қалыптасуына мүмкіндік алады»[7] -деп жазды. Бұл мақалада толерантты қарым-қатынас түсінігін субъективті, диалогтық деп бірнеше топқа бөліп жіктеген. Сонымен қатар толерантты қарым-қатынасты дамытуда әдіснамалық тұғырларды зерттеп, аксиологиялық, синергетикалық, әлеуметтік орта сынды тұғырларға сипаттама берген.

М.С.Каракулова мен А.Т.Туралбаеваның Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытудың кейбір мәселелері атты мақаласында: «Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік коммуникация оның қатысушыларының («оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы») тең позициялық жағдайда пікір алмасуы, бір-біріне қолдау көрсетуі арқылы орын алатын сипатта болады. Тек сонда ғана бастауыш сынып оқушысы өз ішкі «ортасын» саналы өзгертуге қол жеткізеді. Осы ретте, толеранттылық қарым-қатынас туа біткен қасиет емес екені дәлел тауып, түсінушілік, шыдамдылық жағдайында тұтас құрылым ретінде дамитындығы өзекті мәселенің бірі болып отыр [8].

А.А. Куралбаева, Ү. Рахмет, М. Оразбек Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған ертегілерді зерттеу атты мақаласында: «Ертегілер адамдар үшін екі маңызды функцияға ие. Біріншісі – көңіл көтеру, екіншісі – білім беру. Жоғарыда айтылғандай, осы екі функциядан басқа, тарихтың қайнар көзі ретіндегі ертегілердің тағы бір функциясы бар. Ертегілер тек балаларды ғана емес, ересектерді де тәрбиелеу міндетін көздейді». «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған ертегілерді зерттеу болып табылады [9]. Бұл зерттеуде бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы ертегілер және әр тақырып бойынша орын алған осы ертегілердің саны мен олардың жіктелуі қарастырылған. Осы ертегілердің толерантты тұлға тәрбиелеудегі маңызын осы зерттеуде жүргізіледі.

Б.Т. Қабатай «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған білім мазмұны: Н.Ғабдуллин шығармаларын оқытуға жаңаша көзқарас атты мақаласында әңгімені талдайды. 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» мазмұнындағы жазушының «Дос сөзі» әңгімесінде тура сол жастағы балалардың психологиясы, бір-біріне қарым-қатынасы шынайы көрініс тапқан. Әңгімеде Әсетті өзімен бірге оқитын жан досы Нұрлан сынап, оның әкесінің сөзін тыңдамайтынын, айтқанын орындамайтынын айтып, жалқаулығын бетіне басып, жиналыста, барлық балалардың алдында әбден ұялтады. Дос бола тұрып оңашада емес дәл осылай жұрт алдында

кіналауға бола ма? Оған жазушының айтары бар. «Әсеттің бұл сөзін өзім бірнеше рет естідім. Терістігін айттым. Ол менің сөзіме ешқандай мән бермеді». Бұл-досына айтқанын тыңдата алмай енді сыныптан көмек сұрап тұрған Нұрланның сөзі. «Есіктің алдының қарын күремегенім рас. Бірақ мен жұмыстан қашқан жоқпын, ұмытып кеттім. Мен олақ емеспін, жалқау емеспін. Нұрланның сөзі өтірік». Дәл осы жастағы баланың осылай деп ақталуы заңдылық. Әсеттің осы сөзіне қатты күліп, мазаққа айналдырған алдыңғы партада отырған сары қыздың да қылығын да әңгіменің бала түсінігіне лайық келетіндігімен, оның сезіммен астарластығымен, психологиямен байланыстылығымен түсіндіруге болады. «Нұрлан мен Әсетті салыстыра сипатта», «Олардың орнында сен болсаң не істер едің?», «Нағыз достықты қалай түсінесің?» деген сұрақтар жұпта, топта талқыланып, шығарманы жаңаша көзқараста қабылдауға септігін тигізеді [10].

Абубакирова С. С., Исмагамбетова З. Н., Карабаева А. Г. Толеранттылық ұғымын мәдени философиялық талдаудағы алғышарттар атты зерттеулерінде толеранттылық ұғымын талдап, оның өзінің қалыптасуы сонау заманнан келе жатқаны туралы жазған: Толеранттылық ұғымы ғасырлар бойы өзінің қалыптасу кезеңін бастан кешіп келеді. Оның негізгі мәселелері антикалық дәуірмен байланысты. Толеранттылық антикалық ойшылдардың зерттеу пәні болмаса да кейіннен дами түскен көптеген теориялық қағидаларға негіз қалады. Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. «Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» – басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді. Толеранттылық көпжақты сөз ретінде қоғамдағы демократия, адам құқықтары мен бостандығы, диалог мәдениеті, мәдениетаралық байланыс, саяси плюрализм, этикалық плюрализм, мәдени плюрализм ұғымдарымен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ мына салаларда да кең қолданыста: әлеуметтік, жеке, саяси, құқықтық, идеологиялық, коммуникативті, этикалық, дүниетанымдық, психологиялық, медико-биологиялық, діни-конфессиялық, ұлттық-этникалық, гендерлік, нәсілдік, педагогикалық, тұрмыстық т.б «Толеранттылық» ұғымын, әртүрлі түсіндіруге болады («төзімділік», «төзу», «сабырлық», «шыдамдылық» және т.б.) және оның аспектілерін әр мектептің өкілдері және тарихи философиялық ойлардың ағымдары қозғады. Бұл категорияны зерттеудің тарихи маңызы зор. Толеранттылыққа қарсы «интолерантность» деген ұғым пайдаланады. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыз, тағатсыз, кейісті, менмендік, бірбеткей, парықсыз деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады. Толеранттылық жеке тұлғаның ішкі рухани күйі. Қоғамда осындай толерантты тұлғалар неғұрлым көп болса, оның тұрақтылығы да жоғары болады [11].

Жоғарыда көрсетілген деректер негізінде толеранттылық ұғымының, оның қолданылу аясының кеңдігін көре аламыз. Толерантты тұлға бұл тәрбиенің бастауы, барлық білімдерді игеруге, өз ортасына бейімделуіде құрдастарымен, мұғалімдерімен, ата-анасымен қарым-қатынаста да көрінеді. Өзара толерантты қарым-қатынас кезінде оқушының бойында өзін-өзі бағалау мен басқаның пікірін дұрыс тыңдауға, өзара әсер етуге бағытталған шығармашылық, коммуникациялық үдерістер дамиды. Бастауыш сынып мұғалімі гуманистік тұрғада қарап, оқушылардың жеке басын түсінуге, балалардың бойына бірлік, ынтымақтастық, татулық сынды қасиеттерді меңгертуге жағдай жасайды. Оқушылардың бойында оқу-тәрбие процесі осындай ұғымдардың берілуімен толықтырылса оларда мейірімділікпен, кішіпейілділікті, оқу процесінде шыдамдылықты көрсете алары сөзсіз. Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығы толеранттылықты сипаттайтын қасиеттерді оқушылардың бойына сіңдіруде алғы шарт. Оқулықтағы берілген деректерді талдап, толеранттылыққа бағытталған материалдарды бөліп алып қарастыру арқылы бұл идеяның қаншалықты қолданыста екенін көре аламыз.

Бастауыш сыныптың әдебиеттік оқу оқулықтарындағы толеранттылық идеясының қолданылу деңгейін талдау болып табылады. Бұл жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін төмендегі сұрақтарға жауаптар алынады:

1) Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа насихаттайтын мәтіндер мен ертегілердің тақырыптарын анықтау.

2) Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа тәрбиелеу үшін қандай тапсырмалар берілген?

3) Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылық идеясы қандай ұғымдармен жеткізілген?

Зерттеу жұмысы контент талдау мен құжаттарды талдау әдісі негізінде жүргізілді. Ақпараттарды алу үшін бастауыш сыныптың оқулықтары пайдаланылды.

Нәтижелері.

1-кесте–«Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа насихаттайтын мәтіндер мен ертегілердің тақырыптары

Сыныбы	Тарау	Тақырыбы	Түрі
2-сынып	Өзім туралы	Ұяда не көрсең..	мәтін
		Абайдың шаңырағы	мәтін
	Менің отбасым және достарым	Немере	Мәтін
		Ата-ананы құрметтеу туралы	Мәтін
		Ақ шаш	Мәтін
		Жанкүйерлер	Мәтін
		Мысық пен тышқандар	ертегі
	Менің мектебім	Мектеп- біздің анамыз	Өлең
		Кешірім	мәтін
	Менің туған өлкем	Отан туралы	Өлең
		Туған жерімнің тұрғындары	Мәтін
		Туған өлкем	өлең
	Дені саудың-жаны сау	Байлық пен ақыл	Ертегі
		Жолбарыс пен түлкі	Ертегі
	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Құмырсқа және бидай дәні	Ертегі
		Наурыз мерекесі	Мәтін

	Қоршаған орта	Құрметтейік Жер Ананы	аңыз
		Ағаштар неге ашуланды?	мәтін
		Жыл мезгілдері	ертегі
		Біздің қарлығаш	мәтін
	Саяхат	Досыма хат	мәтін
3-сынып	Жанды табиғат	Оқуға шақыру	Өлең
		Қамқорлық	Мәтін
		Терек пен қабығы	мысал
	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Баланың айласы	Мәтін
		Батылдық	Әңгіме
		Том мен Бекки	мәтін
4-сынып	Менің Отаным- Қазақстан	Тәуелсіздік	Өлең
		Біздің аула	Эссе
	Құндылықтар	Шал мен бала	Әңгіме
		Түсінісу	Әңгіме

1-ші кестеде бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа насихаттайтын мәтіндер, ертегілер, эссе, өлең жолдарының бөлімі және сол бөлім ішіндегі тақырыптар көрсетілген. Мысалы: 2-сынып «Әдебиеттік оқу» оқулығында «Қонжық пен көжек» ертегісі берілген. Ертегінің мәнін ашу үшін оқушыларға ертегі мазмұнына сай сұрақтар қоямыз. Олар:

Қасыңдағы досың, құрбың туралы оның қандай қасиеттерін білесің?

Құрбы-құрдастарыңның қандай қылықтарын ұнатасың?

Қоян неге енесіне шағымданды?

Көжек неге қонжыққа ренжіді және ол дұрыс па?

Ол неге мазақтады, көжектің әрекеті дұрыс па?

Енесі көжекке қандай ақыл айтты?

Бұл ертегінің негізгі идеясы бойынша оқушылардың бойында бірін-бірі құрметтеу, кешірімділік, кішіпейілділік сынды құндылықтар қалыптасады. Бұл өз кезегінде толерантты тұлға тәрбиелеудің негізі.

2-кесте—«Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа тәрбиелеу үшін берілген тапсырмалар

Сыныбы	Тарау	Тапсырма түрі
2 -сынып	Өзім туралы	Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. (мақал-мәтел жаттау)

	Менің отбасым және достарым	Мысық пен тышқандар (ертегіден нақыл сөзді тап)
	Менің мектебім	Менің сыныптастарым (кластер құрастыру)
		Кешірім (мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетін талдау)
		Мектебіңнің ауласын кім тазалайды? (Тілек ағашын жазу)
	Менің туған өлкем	Отанымды сүйемін (сөзжұмбақты шешу)
	Дені саудың-жаны сау	Жолбарыс пен түлкі (ертегідегі іс-әрекетіне баға беру)
	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Достасу тақырыбында мақал-мәтел айту
	Қоршаған орта	Жыл мезгілдері (ертегі, кейіпкердің сипатын суреттеу)
3 -сынып	Жанды табиғат	Терек пен қабығы (мысал сүйеніп, кейіпкерлер арасында диалог құрау)
	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Баланың айласы
		Батылдық
		Том мен Бекки
4-сынып	Менің Отаным-Қазақстан	Бейбітшілік, тыныштық сөздерін пайдаланып, бір-біріңе тілек айту.

2-ші кестеде «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа баулитын тапсырмалар келтірілген. 2-ші сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығында татулыққа тәрбиелеуге байланысты «Өзім туралы» атты тақырыпта 1 тапсырма, «Менің отбасым және достарым» тақырыбында 1 тапсырма, «Менің мектебім» тақырыбы бойынша 3 тапсырма, «Менің туған өлкем» тақырыбында 1 тапсырма, «Дені саудың-жаны сау» тақырыбында 1 тапсырма, «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» тақырыбында 1 тапсырма, «Қоршаған орта» тақырыбында 1 тапсырма берілген. 3-сынып «Әдебиеттік оқу» оқулығында «Жанды табиғат» тақырыбында 1 тапсырма, 4-сыныпта «Менің Отаным-Қазақстан» атты тақырыбында 1 тапсырма берілген. Бұл келтірілген тұжырымдама тек қана толеранттылық идеясын насихаттайтын тапсырма саны. Толеранттылыққа тәрбиелеу 2-сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулығында басымдылық берілгенін көре аламыз.

3-кесте –«Әдебиеттік оқу» оқулықтарында толеранттылық идеясының қолданылуы мынадай ұғымдармен келтірілген



1-ші және 2-ші кестеде келтірілген мәліметтер 3-ші кестедегі ұғымдар негізінде тандап алынды. Толеранттылық ұғымының аясы өте кең, ол төзімділік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттеріменде сипатталады. Яғни толеранттылық адамның моральдық, рухани құндылықтарымен сипатталады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы барлық адамдардың тек оқушылардың ғана емес, бойынан табылуы тиіс. Сонда ғана біз келешек ұрпақтың бойынан толерантты тұлғалықты көре алатынымызға сеніміміз мол.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылықты жалпы қарастырып, оқулықта берілген тақырыптардың тәрбиелеу идеясы қандай? деген сұрақ төңірегінде зерттеу жасалынды. Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы толеранттылыққа насихаттайтын мәтіндер мен ертегілердің тақырыптары анықталды, толерантты тұлға болуға дәріптейтін шығармалар бойынша қандай оқушыларға тапсырма берілгендігі және олардың сандары көрсетілді.

Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында толеранттылық деген ұғым кездеспейді және оған бөлек тарау ретінде жасалмаған, көрнекі құралдар оның ішінде суреттер, көрнекіліктер арнайы толеранттылық идеясына негізделіп берілмеген.

Бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамыту оқулықтарда берілген білімдермен кеңейтіле түседі, сол себепті «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында толеранттылықты насихаттайтын, татулыққа шақыратын, шыдамдылықты, адамгершілік пен кішіпейілділікті дәріптейтін заманауи мәтіндермен, көрнекіліктерімен толықса, бұл да бір толерантты тұлға тәрбиелеудің бастауы болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012, 14-желтоқсан (дата обращения: 01.04.2022)
- 2 Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
- 3 Декларация принципов толерантности Организации Объединенных Наций, утверждена резолюцией 5.61 генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 года. [Электронды ресурс][URL]: [http:// www.tolerance.ru/toler-deklaraciya.php](http://www.tolerance.ru/toler-deklaraciya.php) (дата обращения: 01.03.2022)

- 4 Оракбаева М. К. Толеранттылық терминінің шығу тарихы // Қазақстан-Американдық Еркін Университетінің Хабаршысы. – С. 139.
- 5 Altinay F., Dagli G., Altinay Z. Role of technology and management in tolerance and reconciliation education // *Quality & Quantity*. – 2017. – Т. 51. №. 6. – С. 2725-2736.
- 6 Saulius T. What is “tolerance” and “tolerance education”? Philosophical perspectives // *Baltic Journal of Sport and Health Sciences*. – 2013. – Т. 2. №. 89.
- 7 Каракулова М. С., Султанбек М. Ж., Тазабекова А. С. Бастауыш мектепте оқушылардың толерантты қарым-қатынасын дамытудың әдіснамалық тұғырлары // Вестник «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. №. 4. – С. 216-226.
- 8 Каракулова М.С., Туралбаева А.Т. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытудың кейбір мәселелері // Вестник «Педагогические науки». – 2020. – Т. 66. – №. 2. – С. 353-361.
- 9 Куралбаева А.А., Рахмет Ү., Оразбек М. Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған ертегілерді зерттеу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №2 (116). – Б. 268– 276.
- 10 Қабатай Б.Т. «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған білім мазмұны: Н.Ғабдуллин шығармаларын оқытуға жаңаша көзқарас // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. №3(65).- 2018.-Б. 33-36
- 11 Абубакирова С. С., Исмагамбетова З. Н., Карабаева А. Г. Толеранттылық ұғымын мәдени философиялық талдаудағы алғышарттар // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2015. – Т. 51. – №. 2.

Материал 29.04.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 President of the Republic of Kazakhstan. (2012) *Nazarbayev's Address to the People of Kazakhstan: The Strategy “Kazakhstan-2050” is a new political direction of the established state*. Astana. December 14, 2012. (In Kazakh).
- 2 Raritet. (2005) *Cultural Studies: a textbook for university and college students*. Almaty: Raritet. (In Kazakh).
- 3 UN. (1995) *United Nations Declaration of Principles on Tolerance, approved by resolution 5.61 of the UNESCO General Conference of November 16, 1995*. Available at: <http://www.tolerance.ru/toler-deklaraciya.php> (accessed:: 01.03.2022)
- 4 Orakbaeva, M.K. (n.d.) History of the origin of the term tolerance. *Bulletin of the Kazakh-American Free University*, p. 139. (In Kazakh).
- 5 Altinay, F., Dagli, G. & Altinay, Z. (2017) Role of technology and management in tolerance and reconciliation education. *Quality & Quantity*, 51 (6), pp. 2725–2736.
- 6 Saulius, T. (2013) What is “tolerance” and “tolerance education”? Philosophical perspectives. *Baltic Journal of Sport and Health Sciences*, 2.
- 7 Karakulova, M.S., Sultanbek, M.Zh. & Tazabekova, A.S. (2020) Methodological bases of development of tolerant relations of pupils in primary school. *Vestnik “Pedagogical Sciences”*, 68 (4), pp. 216–226. (In Kazakh).
- 8 Karakulova, M.S. & Turalbaeva, A.T. (2020) Some problems of developing tolerant relations in primary school students. *Vestnik “Pedagogical Sciences”*, 66 (2), pp. 353–361. (In Kazakh).
- 9 Kuralbaeva, A.A., Rakhmet, U. & Orazbek, M. (2020) Research of fairy tales in the textbooks of primary school “Literary reading”. *Bulletin of Yasawi University*, 2 (116), pp. 268– 276. (In Russian).
- 10 Kabatay, B.T. (2018) Updated educational content of the discipline “Literary reading”: a new approach to the study of the works of N. Gabdullin. *Bulletin of KazNPU named after Abai, Series “Philological Sciences”*, 3 (65), pp. 33–36. (In Kazakh).

11 Abubakirova, S.S., Ismagambetova, Z.N. & Karabaeva, A.G. (2015) Prerequisites in the cultural and philosophical analysis of the concept of tolerance. Vestnik KazNU. Philosophy, Culturology and Political Science Serires, 51 (2). (In Kazakh).

Применение идеи толерантности в учебниках начальной школы «литературное чтение»

Н.А. Абтай

Международный казахско-турецкий университет Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, 161200, Республика Казахстан

Целью данного исследования является определение применения идеи толерантности в учебниках для начальных классов «Литературное чтение». В статье объясняется понятие толерантности и анализируются работы ученых, изучавших идею толерантности. Идея толерантности, что означает миролюбие, терпимость, сотрудничество, смирение, широко рассматривалась в учебниках «Литературное чтение». В качестве метода исследования использовался метод анализа документов. Получено на основе учебников для начальных классов и теоретических исследований как средства сбора данных и информации. Какова идея обучения тем, затронутых в учебнике, с учетом общей толерантности в учебниках «Литературное чтение»? Было проведено исследование по вопросу.

В результате исследования тексты, сказки, рассказы и др., написанные в учебниках «Литературное чтение» с целью воспитания толерантности. определены темы. В учебнике показаны виды заданий, которые приводят к толерантности. На этой основе доказано значение учебника «Литературное чтение» в формировании толерантной личности.

Ключевые слова: мир, сотрудничество, учебник, толерантность, терпимость.

Материал поступил в редакцию журнала 29.04.2022

Application of the idea of tolerance in “Literature Education” primary school textbooks

N.A. Abtay

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, 161200, Republic of Kazakhstan

The aim of this study is to determine the application of the idea of tolerance in “Literature Education” primary school textbooks. The article explains the concept of tolerance and analyzes the work of scientists who have studied the idea of tolerance. The idea of tolerance, which means peace, forbearance, cooperation, humility, was widely considered in “Literature Education” textbooks. The research method was document analysis. The material was obtained on the basis of primary school textbooks and theoretical research. The research question was: what is the idea of teaching the topics covered in the textbook, taking into account the general tolerance in “Literature Education” textbooks? As a result of the study of texts, fairy tales, stories, etc., written with the aim of fostering tolerance in “Literature Education” textbooks, their topics were identified. The textbook shows the types of tasks that develop tolerance. On this basis, the importance of the “Literature Education” textbook in the formation of a tolerant person is proved.

Key words: peace, cooperation, textbook, tolerance, forbearance.

Received: 29.04.2022